

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметін техникалық қайта жарақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 25 қараша N 1196

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметін техникалық қайта жарақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметін кешенді техникалық қайта жарақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету" жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, шетелдік кредиторлармен Жобаны қаржыландыру мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізісін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен бекітілген мемлекеттік борыш лимитінің шеңберінде, Жобаны қаржыландыру жөнінде шетелдік кредиторлармен 8 500 000 (сегіз миллион бес жүз мың) АҚШ доллары сомасына тиісті несиелік шарттарға қол қойсын;

3) алдағы жылдардың бюджетін қалыптастыру кезінде тартылған кредитке қызмет көрсетуге және оны өтеуге арналған шығыстарды көздесін;

4) Жобаны қаржыландыру үшін бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалған, өнім берушілермен Жобаны іске асыру үшін қажетті жабдықтар мен қызмет көрсетулерге арналған шарттарға қол қойсын және мемлекеттік сатып алу туралы заңдарға сәйкес оларды сатып

алуды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ